

«Ақтөбе облысының білім
басқармасы Ырғыз ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің
«Т.Жаманмұрынов атындағы
жалпы білім беретін
орта мектебі» КММ



ҚГ У «Общественно-образовательный центр
имени Т.Жаманмұрынова»
государственного учреждения «Отдел
образования Иртышского района Управления
образования Актобинской области»

030402. Аманкөл ауылы
Т.Жаманмұрынов көшесі №10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«30» сәуір 2024ж.

№ 09

030402. Село Аманкөл
ул. Т.Жаманмұрынова №10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«30» апреля 2024г.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігінің Ақтөбе облысының төтенше
жағдайлар департаменті ыргыз ауданының
төтенше жағдайлар бөлімі республикалық
мемлекеттік мекеме басшысы А.О. Жаналинге
Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББО мектебінің
директоры Ж.А.Қуандықовтан

Нұсқамаға жауап хат

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті Ырғыз ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мекемесінің 23.02.2024жыл тексеру жүргізу кезінде анықталған олқылықтарды жою туралы.

1. Мектеп ішіндегі адамдарға эвакуациялық шығу есіктері кілтсіз еркін ашылуы калпына келтірілді. (кемшілік жойылды)
2. Мектептің №19 шеберхана бөлмесіндегі электр разеткасы толық бекітілді. (кемшілік жойылды)
3. Мектептің электр қалқаны орналасқан бөлмесіндегі электр шамы конструкциясында көзделген қалпағы (плафон) жаңадан орнатылды. (кемшілік жойылды)
4. Мектеп дәлізінің электр қалқанының ішінде және тазалықшылар бөлмесіндегі электр сымдары дәнекерлеу және арнайы қысқыштар көмегімен жалғанды. (кемшілік жойылды)
5. Мектепте орнатылған өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғылары жабдықтарына сервистік – техникалық қызмет көрсету бойынша 2024 жылдың 1 сәуір күні «TechPoshStoiService» жуалкершілігі серіктестігі келісім шартқа қол қойды.
6. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің жойылғандығы жөнінде қосымша құжаттар жалғанды. (2-қосымша)

Мектеп директоры



Ж.Қуандықов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ
ЫРҒЫЗ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Кіріс № 156
парақтар
30 04 2024ж.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ұлытау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ



КТУ «Общеобразовательная средняя школа имени Т.Жаманмұрынова» государственного учреждения «Отдел образования Пригородного района Управления образования Актюбинской области»

030402 Аманжол ауылы
Т.Жаманмұрынов көшесі №10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«31» мамыр 2023ж.

030402, Село Аманжол
ул. Т.Жаманмұрынова №10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«31» мая 2023ж.

№90

Ұлытау ауданының төтенше жағдайлары бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы А.О. Жаналинге

Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебіне 2023 жылдың 9 наурыз күні Ұлытау аудандық төтенше жағдайлар бөлімі ММ тексеру қортындысы бойынша көрсетілген кемшіліктердің орындалғаны жөнінде

ХАБАРЛАМА

1. Мектеп қызметкерлерінің өртке қарсы нұсқамадан өткені туралы журналға қолтырылды. Орындалды.
2. Өртке қарсы қорғау жүйелерін техникалық құралдарына қызмет көрсету және жоспарлы сақтандыру жөндеу жұмыстарын, бастапқы өрт сөндіру құралдарының бөлуына және жағдайына жүргізілген тексерулерді есепке алатын арнайы журнал бар. Орындалды.
3. Мектеп ынарындағы ағаш конструкциялардың оттан қорғайтын өңдеуін жүргізуге қорсетілетін қызметтерді мемлекеттік сапаны алу туралы шарт 2023 жыл 15 ақпан 18-інде жасалды. ынарындағы ағаш конструкциялардың оттан қорғайтын өңдеуін жүргізілді және оттан қорғау өңдеуінің(сіңіруінің) жай- күйін тексеру сынауларының нәтижесі туралы акті алынды. (Акті және шарт қоса жалғанды). Орындалды.
4. Мектеп акт залында сыртқа шығатын эвакуациялық есігінің алдындағы орындықтар келтірілді. Орындалды.
5. Мектептің даярлық бөлмесі, медбике бөлмесі, шаруашылық меңгеруші бөлмесі, №14 бастауыш бөлмесі, химия кабинетінің зертханасында, күзетші бөлмесінде, қоймада және электр бөлмеде электр шамының конструкциясында көзделген қалпағы(плафон)қалпына келтірілді, кемшіліктер жойылды. Орындалды.
6. Мектептің қазандық ғимаратында электр сымдарын арнайы қысқыштар көмегімен бекітілді. Орындалды.
7. Объектіде өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қорсетілетін жобалау, металдық құжаттамасы бөлуы тиіс. Орындалды.

Мектеп директоры

Ж.Қуан

Орындалған

Шаруашылық меңгерушісі К.Дербасалина

Тел: 87771593619

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		
парақтар	Кіріс №	145
«31»	05	2023ж.

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 21 шілде

№1599-22-00-3а/617

Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алкасы құрамында:

төрағалық етуші судья Н.Б.Ормаханов,

хатшылықта Т.Амангелдиев болып,

прокурор А.Накубовтың,

заңды тұрпаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ж.Қуандықтың,

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған лауазым иесі А.Мырзалының қатысуымен,

ашық сот мәжілісінде «WhatsApp» мобильдік қосымшасы арқылы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (әрі қарай - ӘҚБтК) 462-бабының 3-бөлігімен қозғалған Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық сотының 2022 жылғы 06 мамырдағы қаулысына апелляциялық шағым келін түскен әкімшілік істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Бірінші сатыдағы соттың аталған қаулысымен ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігімен жасасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - КММ) жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты, өндірістен тоқтатылған.

Соттың қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті Ырғыз ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай - Уәкілетті орган) бас маманы А.Мырзалин 04 мамыр 2022 жылы әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырып, онда КММ-ме 04 мамыр 2022 жылы, сағат 10.46-да 24 ақпан 2022 жылғы №5 бұзушылықты жою туралы ұйғарымды орындамай, яғни мектептің медбике, қойма, даярлық, шаруашылық меңгерушісі болмелерінде электр шамдарының конструкциясында қоздағыш қалпағы (плафон) алынған тасталған - деп негізденген.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына берген өтінішхатында прокурор, сот қаулысымен келіспейтінін, себебі «Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 06.10.2017 жылғы №7 нормативтік қаулысының 15-тармағына сәйкес, заңды тұлғаларға қатысты мұндай әкімшілік істер тоқтатылуға жатпайды. Сондықтан сот қаулысының күшін жойып, КММ-ні ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы жаңа қаулы шығаруды сұраған.

Істің мән-жайын зерттеп, өтінішхатты қолдаған прокурор А.Накубовтың уәжін, КММ-нің директоры Ж.Қуандықтың апелляциялық өтінішхатқа келтірген қарсы пікірін, лауазым иесі А.Мырзалиннің түсінігін тыңдап, дәлелдемелерді олардың қатыстылығы, жол берушілігі және дұрыстығы тұрғысынан саралап, дәлелдемелер жиынтығын іс бойынша негізделген апелляциялық қаулы шығаруға жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, апелляциялық сатыдағы сот мына қорытындыларға келеді.

ӘҚБтК-нің 840-бабының 1)-тармақшасына сай, сот қаулысының күшін жоюға және қаулы шығаруға судьяның сот қаулысында жазылған істің нақты мән-жайлары туралы түйіндерінің нағымды, прокурордың апелляциялық өтінішхатын қарау кезінде зерттелген дәлелдемелерге сәйкес келмеуі негіздер болып табылады.

Іс бойынша аталған негіздер бар екендігі анықталды.

Іс құжаттарынан анықталғандай, Уәкілетті органның 04.02.2022 жылғы №5 тексеру тағайындау туралы актісі негізінде 2022 жылдың 21-24 күндері аралығында өрт қауіпсіздігі бойынша КММ-де тексеріс жүргізілген.

Уәкілетті органның 24.02.2022 жылғы №5 тексеру нәтижелері туралы актісі негізінде бұзушылықтар анықталған.

Аталған бұзушылықтар жою мақсатында Уәкілетті органмен 24.02.2022 жылғы бұзушылықты жою туралы №5 ұйғарымы негізінде КММ-ге бұзушылықтарды жою үшін 21.04.2022 жылға дейін мерзім берілген.

Алайда, белгіленген мерзімде КММ-сі аталған бұзушылықтарды толығымен жоймағандықтан, Уәкілетті органның бас маманы А.Мырзалинмен КММ-не 04.05.2022 жылы ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылған.

Бірінші сатыдағы сот қаулысында, КММ-ме Уәкілетті органның 24.02.2022 жылғы ұйғарымының заңды талаптарын орындауға өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдаған, бірақ оларға тәуелсіз себептермен тұтастай орындалмаған, оның ішінде қажетті қаржыландырудың болмауынан, лауазымды адамдарға қатысты іс жүргізу жүйесінің жетілдірілуіне тоқтатылуы мүмкін деп, іс бойынша іс жүргізіліп



жатқан заңды тұлғаның әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы жоқ деген қате қорытындыға келген.

Өйткені лауазым иесі А.Мырзалин 04 мамыр 2022 жылғы әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы лауазымды адам ретінде емес заңды тұлға ретінде КММ-ге толтырған.

Сондай-ақ, бірінші сатыдағы соттың қаулысы, «Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 06.10.2017 жылғы №7 нормативтік қаулысының 15-тармағының талаптарына қайшы келеді, себебі, соттар бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерге немесе олардың лауазымды адамдарының қатысты ОҚК-нің 462-бабының үшінші бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдары), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе нұскамаларды, ұсынуларды, қаулыларды (мысалы, өрт қауіпсіздігіне қатысты немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнама бұзушылықтарын жою туралы) орындау белгілі бір қаржы шығындарын талап ететіндігін және аталған мекемелердің басшыларында қажетті акшалай қаражаттың бола бермейтінін ескерген жөн. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражат бөлуі қосымша шығыстарды тиісті мәслихаттардың сессиясында бекіту, көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік сатып алуды жариялау қажеттігімен ұштасады.

Сондықтан нұскамалардың заңды талаптарын орындауға өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдаған, бірақ оларға тәуелсіз себептермен тұтастай орындалмаған, оның ішінде қажетті қаржыландырудың болмауынан орындалмаған лауазымды адамдарға қатысты іс жүргізу кінәнің жоқтығынан тоқтатылуы мүмкін.

Сонымен қатар, нақ сол мән-жайлар кезінде заңды тұлғаларға қатысты мұндай істер тоқтатылуға жатпайды, өйткені ОҚК-нің 25-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ОҚК-да әкімшілік жауаптылық көзделген заңды тұлғаның заңға қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Олай болса, қажетті қаржыландырудың болмауына қарамастан заңды тұлға КММ-сі ОҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, апелляциялық сатыдағы сот, бірінші сатыдағы сот қаулысының күші жойып, іс бойынша жаңа қаулы шығарып, КММ-сін коммерциялық емес ұйым ретінде ОҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тартып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде $100 \times 3063 = 306\,300$ (үш жүз алты мың үш жүз) теңге

әкімшілік айыппұл салғанды, прокурордың апелляциялық өтінішхатын қанағаттандырғанды дұрыс деп есептейді.

ӘҚБтК 839-бабының 1-бөлігінің 4)-тармағын басшылыққа ала отырып, апелляциялық сатыдағы сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық сотының 2022 жылғы 06 мамырдағы қаулысының күші жойылсын.

Іс бойынша жаңа қаулы шығарылсын.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Г.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тартып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 306 300 (үш жүз алты мың үш жүз) тенге әкімшілік айыппұл салынсын.

Прокурордың апелляциялық өтінішхаты қанағаттандырылсын.

Апелляциялық қаулы заңы күшіне жарияланған мезгілден бастап енеді, ӘҚБтК 46-Тарауында белгіленген тәртіпте қайта қаралуы мүмкін.

Сұлья

Н.Ормаханов

